



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16.02.2026 № 69-Н/Қ

Астана қаласы

город Астана

Аукциондық сауда-саттықты
өткізу графиктерін бекіту
туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16240 болып тіркелген) бекітілген Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес еркін аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі;
- 2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес құжаттамасыз аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Жаңартылатын энергия көздері департаменті:

- 1) осы бұйрықты жергілікті атқарушы органдардың, жүйелік оператордың және энергия беруші ұйымдардың назарына жеткізсін;
- 2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны Министрліктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Ақкенженов

066246